

Қызылсай селолық елді мекенін "ауыл" санатына жатқызу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 126 қаулысы және Маңғыстау облысы мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы № 17/255 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 01 шілдеде № 2464 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихатының және Жаңаөзен қаласының әкімдігінің пікірін ескере отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылсай селолық елді мекені «ауыл» санатына жатқызылсын.
2. Маңғыстау облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (Д.Сейбағытов) осы қаулы мен шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә. Шөжеғұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

Сессия төрағасы

Т. Болатбаева

Облыстық мәслихат хатшысы

Б. Жүсіпов